



Құрметті депутаттар!

Өткен аптада Парламенттің жаңа сессиясы ашылды.

Қызметтеріңізе табыс тілеймін! Алдыңғы сессия жемісті болды деп күмәнсіз айтуға болады. Елге қажетті көптеген заң қабылданды.

Халықтың көкейінде жүрген өзекті мәселелер көтерілді, жан-жақты талқыланды. Депутаттар жазғы демалыс кезінде аймақтарға барып, азаматтармен кездесті. Енді жұртшылық айтқан мәселелерді саралап, Үкіметпен бірге пысықтап, осы сессия барысында ескеру қажет.

Жалпы, Парламент депутаттары елімізде түбегейлі реформалар жасау жолында маңызды рөл атқарып келеді. Сіздерге зор ризашылығымды білдіремін.

Қымбатты отандастар!

Құрметті Парламент депутаттары және Үкімет мүшелері!

Қазір дүние жүзі жаңа тарихи дәуірге қадам басты.

Бұл дәуірдің барша адамзат үшін оңай болмайтыны анық. Алпауыт елдер мен халықаралық одақтар арасындағы қарама-қайшылықтардың ауқымы өсіп бара жатыр. Халықаралық қатынастағы шиеленістер мен озбырлықтың салдарынан қақтығыстар мен соғыстар белең алды. Кейбір мемлекеттердің ішкі және сыртқы саясатында әсіре ұлтшылдық күшейді.

Әлем экономикасында теңсіздіктер мен қайшылықтар ушыға түсті. Кейбір мемлекеттер экономикалық дамуда артта қалып, кейбір елдер жасанды интеллект саласында теңдессіз табысқа жетуде. Халықаралық құқықтың мән-маңызы кете бастады.

Ал Біріккен Ұлттар Ұйымы өзінің рөлі мен мәртебесіне сай қазіргі басты түйткілдерді шешуге қауқарсыз болуда.

Экологиялық және техногендік апаттардың кесірінен түрлі елдердің экономикасы орасан шығынға батуда.

Батыстағы этносаралық-дінаралық үйлесім мен мәдени әралуандық тұжырымдамасы дағдарысқа ұшырады. Жаһандық деструктивті күштер ұлттық мәдениеттер мен дәстүрлердің іргесін шайқауда.

Босқындардың саны көбейіп, көші-қон дағдарысы туындады. Адам саудасы, қару-жарақ пен есірткі саудасы да өршіп тұр.

Бұрын-соңды болмаған мүлде жаңа сын-қатерлер күллі адамзаттың қауіпсіздігіне нұқсан келтіруде. Тіпті жасанды интеллектті пайдаланып, аса қауіпті қару жасайтындар пайда болды.

Геосаяси ахуалдың түбірімен өзгеріс бастағанын аңғартатын басқа да факторлар аз емес. Қысқаша айтсақ, әлемде жаңа геосаяси тәртіп орныға бастады.

Қазақстан – әлем қауымдастығының ажырамас бөлігі. Мемлекетіміз Еуразия құрлығының дәл ортасында орналасқан.

Қазіргі заман бұлыңғыр, тұрақсыз болса да, біз бәріміз жаппай цифрландыру және жасанды интеллект дәуіріне қадам бастық.

Менің негізгі мақсатым – осындай түрлі қатерге толы кезеңде еліміздің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуын және қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Өскелең ұрпақ бақытты, берекелі өмір сүруге тиіс. Сол үшін бәріміз бір ұлт болып, табанды еңбек етуіміз керек. Бұл – баршамызға оңақ өте маңызды жұмыс, аса жауапты азаматтық және ұлттық міндет.

Жұмысымыз қаншалықты күрделі болса да, біз міндетті түрде табысқа жететіміз керек. Басқа жол жоқ. Себебі, бұл – еліміздің болашағы, халқымыздың тағдыры. Сондықтан барлық реформаны салмақты көзқараспен, мұқият, жан-жақты ойластырып, сапалы түрде жүзеге асыруымыз керек.

Баршаңызға мәлім, соңғы жылдары Қазақстанда ауқымды өзгерістер жасалды.

Еліміздің саяси жүйесі анағұрлым озық әрі ашық бола түсті. Азаматтарымыздың сана-сезімі, болмысы өзгеріп жатыр. Соның арқасында халқымыздың мемлекеттік институттарға, заңға және әділдік пен тәртіпке деген сенімі нығаюда.

Бірақ алдымызда ауқымды жұмыс бар. Қоғамды жаңғырту үшін әлі де көп шаруа атқаруымыз керек.

Қазір ел экономикасында реформалар жүргізіліп жатыр. Инфрақұрылымға және жаңа өндіріс орындарын ашуға қомақты инвестиция салынып жатыр. Мұның бәрі халықтың әл-ауқатын және еліміздің әлеуетін арттыру үшін жасалып жатқаны айдан анық.

Жасанды интеллектің қарқынды да-

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ «ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ДӘУІРІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН: ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ЖӘНЕ ОНЫ ТҮБЕГЕЙЛІ ЦИФРЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР АРҚЫЛЫ ШЕШУ» АТТЫ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫ

муы қазірдің өзінде халықтың, әсіресе, жастардың мінез-құлқы мен болмыс-бітіміне әсер етіп жатыр.

Басқаша болуы мүмкін емес. Себебі бұл үрдіс бүкіл әлемде қалыптасқан тәртіпті және адамдардың өмір сүру салтын біржола өзгертуде. Біз бұған дайын болып, батыл әрекет етуіміз керек. Әйтпесе артта қалуың салдары өте ауыр болады.

Сондықтан мен алдымызға өте маңызды стратегиялық мақсат қойдым. Қазақстан үш жыл ішінде міндетті түрде жаппай цифрлық ел болуы керек.

Біз жаппай цифрландыру және жасанды интеллект технологиясын барынша енгізу арқылы экономиканы жаңғыртуымыз қажет.

Ол үшін, ең алдымен, Цифрлық кодексті тезірек қабылдаған жөн.

Бұл заңда цифрландыру үдерісінің негізгі бағыттары, соның ішінде жасанды интеллект, платформалық экономика, үлкен дерекқорларды пайдалану және басқа да мәселелер айқындалуға тиіс.

Жаңа технологиялық қалыптың ажырамас бөлігіне айналу үшін бүкіл мемлекеттік басқару жүйесін қайта құрып, оның азаматтар мүддесіне сай болуын қамтамасыз ету, сондай-ақ ашықтығы мен тиімділігін еселеп арттыру керек.

Сондықтан қазіргі құзырлы министрліктің негізінде Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігін құру қажет деп санаймын. Жаңа министрлікті Премьер-министрдің орынбасары деңгейіндегі маман басқаруы керек.

Үкімет экономиканың барлық саласын жаңғырту үшін жаппай жасанды интеллектті енгізу қажет. Қазақстанда баскеге қабілетті ел ретінде дамытамыз десек, жұмысымызды жаңаша тәсілмен жүргізуіміз керек.

Осы орайда, алдымызда тұрған мынадай маңызды міндеттерге тоқталып өткім келеді.

Бірінші. Елімізге қомақты инвестиция тарту керек. Қазір дүние жүзінде инвестицияға талас күшейіп барады. Жаңа инвестициялық кезеңді бастауымыз қажет. Қазіргі инвестиция тарту саясаты мардымды деп айта алмаймын. Қаражаттың көбі шикізат салаларына құйылып жатыр. Жалпы, бұл жаман емес, осындай инвестициялар бізге қажет.

Бірақ қазір алдымызда тұрған міндет – басқа. Бұл – өңдеу саласына көбірек қаражат тарту. Сондықтан Үкімет инвестиция саясатына басқаша көзқараспен қарауы керек. Қажет болса, жоғары технологияларға салынатын инвестицияларға жеңілдік беруге болады. Сондай-ақ мемлекеттің инвестициясы мен жеке бизнестің ірі бастамаларына бірдей назар аудару қажет.

Ірі инвесторлармен қатар орта және шағын инвесторлармен тығыз байланыста жұмыс істеу керек. Қаражаттың қай бағытқа, қандай мақсатпен және қанша көлемде қажет екенін нақты білу қажет. «Инвестицияға тапсырыс» өндірістің сұранысына сай жасалуы керек.

Еліміздегі инвесторлармен қарым-қатынас жүйесі күрделі әрі бытыраңқы. Қағазбастылық көп, түрлі органдардың құзыреттері қайталанатын. Ал қазіргі күрделі ахуал кезінде инвестиция тарту – кезек күттірмейтін мәселе, бізге жаңа ұстаным керек. Қалай болса да, инвестиция тарту бойынша барлық үйлестіру жұмысы тікелей Премьер-министрге жүктеледі. Жаңа министрлік құрудың қажеті жоқ.



Бірақ көзге оттай басылатын нәрсе: елімізде бірде-бір мекеменің атауында инвестиция деген сөз жоқ. Инвестиция тіпті, жетім бала сияқты үш-төрт мекемеге ортақ мәселе болып, өз жолын таппай жүр. Сондықтан Премьер-министр он күн ішінде нақты ұсыныс беруге тиіс.

Бұдан бөлек, Үкіметке инвестиция тарту жүйесін түгел жаңғырту жөніндегі нақты іс-шаралар жоспарын мейлінше қысқа мерзім ішінде әзірлеуді тапсырамын.

Меніңше, Бас прокуратураның Заңсыз активтерді қайтару жөніндегі комитетінің атауын Инвесторлардың құқығын қорғау жөніндегі комитет деп өзгертетін кез келді.

Бас прокуратура заңсыз актив иелерімен өнімді жұмыс істегенін айта кету керек. Соның нәтижесінде қазынаға 850 миллиард теңгеге жуық қаржы қайтарылды.

Бұл қаражат он мектеп, төрт спорт ғимаратын салуға, 235 денсаулық сақтау нысаны мен 177 су инфрақұрылымы нысанының құрылысына және жөндеу жұмыстарына бөлінді.

Республикалық бюджетке тағы қосымша қаражат түспек.

Бұдан бөлек, инвесторларға ұсынылатын салық жеңілдіктерін мұқият ойластырып, байыппен қолданған жөн, ел экономикасы үшін маңызды, пайдасы бар жобаларға басымдық берілуі тиіс.

Жалпы, инвестициялық келісім жасау тәсілі өз тиімділігін көрсетті. Біз Ұлттық қордың тұрақты даму құралы ретіндегі рөлін қайта қарауымыз керек. Қорды қосымша инвестиция көзі ретінде қолдану үшін ел ішіндегі болашағы зор және нарықтағы әлеуеті жоғары болатын жобаларға қаржы бөлуге болады. Ең бастысы, қаражатты мұқият ойластырып жұмсау керек. Бұл іске, қажеті болса, сапалы сараптама жасай алатын халықаралық деңгейдегі басқарушылар мен инвесторларды тартуға болады.

Экономикамыздың жоғары технологиялық салаларына бір миллиард долларға дейін инвестиция тарту туралы бағдарлама әзірлеу қажет. Оны Үкімет Ұлттық банкпен бірлесіп дайындауға тиіс. Жаңа инвестициялық кезеңді ойдағыдай бастау маңызды. Екінші дәрежелі банктер нақты секторға белсенді түрде қаржы салуы керек. Бұл мәселе қоғамда баяғыдан қызу талқыланып жатыр. Осы жұмысты көп созыбай қолға алу қажет.

Қазақстандағы банктердің активтері мен қаражаты дамыған елдерге қарағанда орта есеппен бірнеше есе көп пайда әкеледі.

Себебі біздің банктер экономикаға несиелер бергеннен гөрі қаржылық тәуекелі төмен бағыттарға ақша салғанды жөн көреді. Осы мәселені депутаттар, сарапшылар үнемі көтеріп жүр.

Ұлттық банк пен Үкімет банктердің ақшасын экономикаға барынша тартудың тиімді тәсілдерін табуы қажет. Енді бұл мәселені созуға болмайды, шұғыл шешу қажет.

Банктер туралы заң қабылдау осы бағыттағы маңызды қадам болмақ. Бұл заңда экономиканың сұранысы мен технологиялық өзгерістер ескерілуі қажет. Құжатта бәсекені күшейту, нарыққа жаңа

қатысушыларды тарту, қаржы жүйесіндегі технологияларды ілгерілету және цифрлық активтер айналымын ырықтандыру мәселелері қамтылуы керек. Үкімет Қаржы нарығын реттеу агенттігімен бірлесіп, заң жобасын жан-жақты пысықтауы қажет. Депутаттардан осы заңды жыл соңына дейін қабылдауды сұраймын.

Цифрлық активтердің толыққанды қалыптастырылған жөн.

Цифрлық теңгенің енгізілуі бұл жұмысқа септігін тигізіп жатыр. Қазіргі таңда жобаларды Ұлттық қор есебінен қаржыландыру кезінде цифрлық теңгені қолданып жүрміз. Енді оның қолдану аясын одан әрі кеңейту қажет. Цифрлық теңгені республикалық және жергілікті бюджетте, мемлекеттік холдингтердің бюджетінде пайдалануға болады.

Қазіргі заманның талабын ескере отырып, криптоактивтерге баса назар аудару керек.

Ұлттық банктің инвестициялық корпорациясы негізінде Цифрлық активтердің мемлекеттік қорын құрған жөн. Бұл құрылымда жаңа цифрлық қаржы жүйесіндегі болашағы зор активтерден құралған стратегиялық крипторезерв жинақталады.

Жаппай цифрландырудың, соның ішінде банк саласын цифрландыру ісінің пайдасы көп екені сөзсіз. Бірақ оның қауіп-қатері де аз емес. Соңғы жылдары онлайн-алақтық мемлекеттің және азаматтардың қаржылық қауіпсіздігіне үлкен нұқсан келтіріп жатыр. Сондықтан киберқылмыспен күресу үшін антифрод орталығы құрылды. Биометриялық анықтау жүйесі енгізілді. Банктердің, микроқаржы ұйымдары мен байланыс операторларының жауапкершілігі күшейді. Дегенмен бұл мәселеге үнемі жіті назар аудару қажет. Құзырлы органдардың жұмысын ұдайы жетілдіріп отырған жөн.

Киберқылмыстардың алдын алуға мүмкіндік беретін барынша интеллектуалды жүйе құру керек. Қажет болса, тиісті заңға және құқық қорғау органдарының қызметіне өзгерістер енгізген жөн.

Қарқынды өсіп келе жатқан көптеген мемлекетте даму көшінінің басында жүретін қалалар инвестициялар мен технологияларды өзіне тартатын полюске айналған.

Алатау қаласы еліміздің жаңа іскерлік және инновациялық орталығы болуға тиіс.

Жалпыұлттық маңызы бар осы жобаны жүзеге асыру үшін арнайы жер бөлінді, бастапқы жоспарлау жұмысы аяқталды, инфрақұрылымның негізгі желілері қосылды.

Жақында Қытайға барған сапарымда әлемнің жетекші компанияларымен құны миллиардтаған қаржы тұратын келісімдер жасалды. Шэньчжэнь жаһандық технополисін салуға қатысқан сондай компанияның бірі енді Alatau City жобасын жүзеге асыруға тікелей атсалысады.

Келесі қадам – Alatau City-дің мықты институционалдық негіздерін қалыптастыру.

Қаланы ел Үкіметіне тікелей бағынатындай етіп, оған арнайы мәртебе беру туралы Жарлықты он күн ішінде әзірлеу керек.

Содан кейін жарты жылдан асырмай, жеке заң қабылдау қажет. Құжатта қаланы басқару режимі, оның қаржылық моделі және басқа да маңызды мәселелер қамтылуға тиіс.

Арнайы құқықтық мәртебе – қалаға

берілетін артықшылық емес, жобаның қағаз жүзінде қалып қоймай, нақты іске асуына қажетті шара немесе құрал екенін айта кеткен жөн.

Alatau City аймақтағы толық цифрланған алғашқы қалаға айналуы тиіс. Мұнда Smart City технологияларын қолданудан бастап тауарлар мен қызмет ақысын криптовалютамен төлеуге дейінгі жаңалықтың барлығы енгізілуі керек.

Бұл қала Қазақстанның келешектегі келбетін танытпақ. Онда технологиялық өрлеуге және өмір сүруге барынша қолайлы жағдай үйлесім табуы қажет.

Тағы бір мәселе. Өңірлерге инвестиция тарту барысында арнайы экономикалық аймақтар айрықша рөл атқарады.

Алайда олардың көбінің жұмысы мез емес. Бұл мәселе бойынша әңгімелер талай рет айтылды.

Үкімет арнайы экономикалық аймақтардың тиімділігін арттыру үшін терең сараптама жасап, түбегейлі шаралар қабылдауға дайын болуы керек. Арнайы экономикалық аймақтарды басқаруға жеке компанияларды, қажет болса, шетел компанияларын тартуға болады.

Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар аймақтардың экономикалық өсімін арттыратын қозғаушы күш болуға тиіс. Бірақ көбі коммуналдық мүліктерді басқарумен және аса маңызды емес жобаларды жүзеге асырумен шектеліп отыр. Олардың аймақ экономикасына әсері шамалы.

Үкімет осындай корпорацияларды толыққанды даму институтына айналдыруы керек.

Инвестиция тарту – орталық атқарушы органдардың ғана міндеті емес. Осы маңызды жұмысқа жергілікті билік те атсалысып, бәрі жұмыла жұмыс істеуге тиіс. Әкімдердің аймақтағы инвестициялық ахуалға тікелей жауапкершілігін белгілеу керек.

Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі аймақтардың инвестициялық тартымдылық индексын енгізуге тиіс. Мүмкін, бұл жұмысқа тәуелсіз сарапшыларды тартқан жөн болар.

Инвестицияға қолайлы ахуал қалыптастыруға тікелей әсер ететін ең басты мәселе – макроэкономикалық тұрақтылық.

Бірақ қазіргі басты мәселе: жоғары инфляция экономикалық көрсеткіштер мен халықтың табысын «жүткіп қойып» жатыр.

Оның дайын тұрған шешімі жоқ, бұл – көптеген мемлекет бетпе-бет келіп отырған түйткіл. Мәселе бәріне ортақ болғанымен, ол біздің жағдайда айрықша сезіліп отыр.

Осы макроэкономикалық құрсаудан шығуымыз керек.

Қиындықтар күні кеше ғана пайда болған жоқ. Оны шешу үшін әлемдегі озық тәжірибелерді ескеріп, жұртқа ұнай бермейтін шаралар қабылдауға және оның жауапкершілігін көтеріп алуға дайын болу қажет.

Үкімет пен Ұлттық банк қазіргі қалыптасқан ахуалдың қиындығын ескере отырып, алдына қойған мемлекеттік ауқымдағы міндетті біртұтас команда ретінде атқаруы керек. Қазір әркім көрпені өзіне қарай тартатын кез емес.

Екінші. Өңдеу өнеркәсібінің дамуына жаңа серпін беретін уақыт келді.

Бұл бағытта соңғы бес жылда бірқатар жетістік бар деп айтуға болады. Өңдеу өнеркәсібінің жалпы қосымша құны екі есе өсіп, 17 триллион теңгеге жуықтады. Ал оның жалпы ішкі өнімдегі үлесі 12,4 пайызға жетті. Былтырдың өзінде 163 жаңа өндіріс іске қосылды. Соның нәтижесінде 12,5 мың тұрақты жұмыс орны пайда болды. Мысалы, Алматы, Қостанай, Қарағанды, Атырау облыстарында машина жасау және металлургия саласындағы ірі кәсіпорындар ашылды. Биыл Алматыда өртүрлі автоөліктер шығаратын Қазақстандағы ең үлкен өндіріс орны жұмысын бастады. Бірақ бұл, әрине, жеткіліксіз.

Экономиканы өртараптандыруды тың қарқынмен жалғастыру керек. Ішкі және сыртқы нарықта баскеге қабілетті, терең өңделген өнім шығаруға басымдық берілуі тиіс. Қазір бұл жұмыс жүйесіз жүргізіліп жатыр. Қолдау шарасын ұстанымдары мен талаптары өртүрлі институттар жүзеге асырады. Мұндай ахуал кәсіпкерлерді өбден шатастырады. Бұл саланы ретке келтіріп, үйлестіру жұмысын толығымен қолға алу керек.

Тау-кен металлургиясы қашанда

Сания МЫНБАЕВА

АУДАНЫДЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ КЕЗЕКТІ СЕССИЯСЫ



А у д а н д ы қ мә с л и х а т т ы ң кезекті сессиясы өтті. Күн тәртібінде аудан әкімінің өткен кезеңде атқарылған жұмыстар бойынша есебі тыңдалып, әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері талқыланды. Сессия барысында депутаттар тарапынан бірқатар ұсыныстар айтылып, тиісті шешімдер қабылданды. Сонымен қатар алдағы уақыттағы жоспарлар да таныстырылды.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ШАРАЛАРЫ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесі мына шараларды қамтиды:

- 1.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг;
- 2.Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау;
- 3.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру;
- 3-1.Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес нормативтік құқықтық актілер жобаларына ғылыми сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама жүргізу ;
- 4-1. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заң сараптамасын жүргізу барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелі бар нормаларды айқындау;
- 5.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды қалыптастыру және сақтау;
6. Қаржылық бақылау;
- 7.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер;
- 8.Мүдделер қақтығысының алдын алу және оны шешу;
- 9.Кәсіпкерлік саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар;
- 10.Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын анықтау, жолын кесу, әшкерелеу және тергеп-тексеру;
- 11.Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары туралы хабарлау;
- 12.Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының салдарын жою;
- 13.Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Ұлттық баяндаманы қалыптастыру және жариялау.

Құрметпен, Ескелді ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер Басқармасы !

МЕРЫ ПРОТИВОДЕЙСТВИЯ КОРРУПЦИИ

- Система мер противодействия коррупции включает:
- 1.Антикоррупционный мониторинг ;
 - 2.Анализ коррупционных рисков;
 - 3.Формирование антикоррупционной культуры ;
 - 3-1.Проведение научной антикоррупционной экспертизы проектов нормативных правовых актов в соответствии с законодательством Республики Казахстан ;
 - 4.Выявление коррупциогенных норм при производстве юридической экспертизы в соответствии с законодательством Республики Казахстан;
 - 5.Формирование и соблюдение антикоррупционных стандартов;
 - 6.Финансовый контроль;
 - 7.Антикоррупционные ограничения ;
 - 8.Предотвращение и разрешение конфликта интересов;
 - 9.Меры противодействия коррупции в сфере предпринимательства;
 - 10.Выявление, пресечение, раскрытие и расследование коррупционных правонарушений;
 - 11.Сообщение о коррупционных правонарушениях;
 - 12.Устранение последствий коррупционных правонарушений ;
 - 13.Формирование и публикацию Национального доклада о противодействии коррупции ;

С уважением,
Управление государственных доходов Ескельдинского района!

ЗАВЕРШЕН МОНИТОРИНГ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ КВАЗИГОСУДАРСТВЕННОГО СЕКТОРА

Департаментом Агентства по защите и развитию конкуренции Республики Казахстан по области Жетісу, в соответствии с планом - графиком проведен мониторинг в отношении государственных предприятий и юридических лиц, принадлежащих местным исполнительным органам области Жетісу.

В данном мониторинге охвачено 8 субъектов квазигосударственного сектора, проверено соответствие их видов деятельности требованиям законодательства.

В соответствии с нормами Предпринимательского кодекса Республики Казахстан создание субъектов квазигосударственного сектора, а также расширение и (или) изменение осуществляемых видов деятельности осуществляются по согласованию с антимонопольным органом и занимаемые виды деятельности должны соответствовать Постановлению Правительстве Республики Казахстан от 28.12.2015 года №1095.По итогам проведенного мониторинга подготовлены и направлены соответствующие заключения в адрес субъектов квазигосударственного сектора. В целях предупреждения и устранения нарушений законодательства РК в области защиты конкуренции данный мониторинг и в дальнейшем будет проводиться в соответствии с планом-графиком.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН ДІНИ ҰЙЫМДАР

Қазақстан Республикасы – зайырлы, құқықтық және демократиялық мемлекет. Конституцияға сәйкес, әр азаматтың ар-ождан және діни сенім бостандығына құқығы бар. Дегенмен, бұл құқық мемлекеттің тұтастығы мен қоғамның қауіпсіздігіне нұқсан келтірмеуі тиіс. Сондықтан Қазақстанда деструктивті діни ағымдардың таралуына және экстремистік сипаттағы діни ұйымдардың қызметіне заң жүзінде тыйым салынған.

Заңнамалық негіз Қазақстандағы діни экстремизм мен терроризмге қарсы күрес бірнеше негізгі құқықтық құжаттарға сүйенеді: ҚР Конституциясы, «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» ҚР Заңы (2011 ж.) ,«Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңы, ҚР Қылмыстық кодексі (терроризм мен экстремизмге қатысты баптар), ҚР соттарының шешімдері негізінде діни ұйымдардың қызметіне тыйым салу.

Тыйым салынған діни ұйымдар ҚР аумағында сот шешімімен ресми түрде қызметіне тыйым салынған діни ұйымдардың қатарында: Қазіргі таңда Қазақстан аумағында тиым салынған террористік құрылымдардың ұлттық тізіміне келесі шетелдік ұйымдар енгізілген:

- І. Қазақстан Республикасы Жоғарғы

Сотының 2004 жылғы 15 қазандағы шешімі негізінде:

1. «Аль-Каида»
2. «Шығыс Түркістандағы исламдық қозғалыс»
3. «Өзбекстандағы исламдық қозғалыс»
4. «Күрд Халық Конгресі» («Конгра-Гел»)
5. «Асбат аль-Ансар»
6. «Братъя-мусульмане»
7. «Боз гурд»
8. «Орталық Азиядағы Жамаат моджахедтер»
9. «Лашкар-е-Тайба»
10. «Әлеуметтік реформалар Қоғамы»
11. «Хизб-ут - Тахрир» ұйымы
12. «АУМ Синрикё»
13. «Шығыс Түркістан азат ету ұйымы»
14. «Түркістан ислам партиясы».
15. «Джунд-аль-Халифат»
16. РҚБ «Сенім. Білім. Өмір»
17. «Таблиги джамагат»
18. «Ат-такфир уаль-хиджра»
19. «Ислам мемлекеті» (ДАИШ)
20. «Ан-Нусра фронты»
21. «Йақын Инкар» Астана қаласы Есіл ауданы сотының 2018 жылғы 10 қазандағы шешіміне сәйкес экстремистік ұйым болып табылды.

Қауіптері Тыйым салынған діни ұйымдардың басты қауіптері, Мемлекетке қарсы үгіт-насихат жүргізу, Жастарды ради-

калды идеяларға тарту, Қоғамда іріткі салып, дінаралық және ұлтаралық араздықты өршіту,Террористік әрекеттерге итермелеу.

Қазақстандағы алдын алу шаралары

Дін істері жөніндегі басқармалар мен орталықтар тарапынан ақпараттық-түсіндіру жұмыстары, «Абу Ханифа» ғылыми-зерттеу орталығы мен басқа да ұйымдардың дәстүрлі исламды насихаттауы, Мешіттерде, медреселерде, жоғары оқу орындарында діни сауаттылықты арттыру жұмыстары, Құқық қорғау органдарының экстремизм мен тер

- Деструктивті ағым мүшелерін оңалту және бейімдеу бағдарламалары.

Қазақстанда діни экстремизм мен радикалды ағымдарға қарсы күрес – ұлттық қауіпсіздіктің маңызды бөлігі. Мемлекет зайырлылық қағидатын берік ұстанып, азаматтарға діни сенім еркіндігін қамтамасыз етеді. Алайда, дін атын жамылып, қоғамға іріткі салатын ұйымдарға қатаң тыйым салынып, олардың қызметіне жол берілмейді.

Д. Бөкей,
Жетісу облысы
дін істері басқармасы
мемлекеттік мекмесінің
Ескелді ауданы бойынша
маман-теологы

АНТИМОНОПОЛЬНОЕ РЕГУЛИРОВАНИЕ

Основным актом в сфере защиты конкуренции в Республике Казахстан является Предпринимательский кодекс РК. Выявление и пресечение нарушений антимонопольного законодательства — одна из ключевых функций антимонопольных органов. Для этого законодательством предусмотрены меры расследования, привлечения к ответственно-

сти, а также ограничения и пресечения антиконкурентных действий со стороны как субъектов рынка, так и государственных органов.

Основания для начала расследования

Расследование нарушений может быть начато на основании:

- 1.материалов, поступивших от государственных органов;
- 2.обращений физических и юридических лиц;
- 3.выявленных фактов самим антимонопольным органом;
- 4.публикаций в СМИ о признаках нарушений;
- 5.неисполнения уведомления антимонопольного органа субъектом рынка либо госорганом.

Итоги расследования

По завершении расследования должностное лицо антимонопольного органа готовит заключение. На его основе может быть принято решение о:

- прекращении расследования;
- возбуждении дела об административном правонарушении;
- вынесении предписания об устранении нарушений;
- передаче материалов в правоохранительные органы.

Административная ответственность

Рассмотрение дел осуществляется антимонопольным органом или специализированными административными судами.

Кодекс РК об административных правонарушениях (КоАП) предусматривает следующие санкции:

- штрафы;
- конфискация монопольного дохода.

В частности:

- ст. 162 КоАП — ответственность за невыполнение предписаний, непредоставление информации, препятствие про-

веркам;

- ст. 163 КоАП — ответственность за антиконкурентные действия госорганов и организаций, наделённых регулиро-

ующими функциями, а также за недобросовестную конкуренцию;

- ст. 159 КоАП:

- ч. 1 — антиконкурентные соглашения;
- ч. 2 — антиконкурентные согласованные действия;
- ч. 3, 3-1 — злоупотребление доминирующим или монопольным положением.

Таким образом, антимонопольное регулирование играет ключевую роль в поддержании справедливой конкуренции, защите интересов бизнеса и потребителей.

Департамент Агентства по защите и развитию конкуренции по области Жетісу

МОНОПОЛИЯҒА ҚАРСЫ РЕТТЕУ

Қазақстан Республикасындағы бәсекелестікті қорғау саласындағы негізгі акт ҚР Кәсіпкерлік Кодексі болып табылады.

Монополияға қарсы заңнаманы бұзушылықтарды анықтау және жолын кесу — монополияға қарсы органдардың негізгі функцияларының бірі. Ол үшін заңнамада тергеу, жауапқа тарту, сондай-ақ нарық субъектілері де, мемлекеттік органдар да тарапынан бәсекелестікке қарсы іс-қимылдарды шектеу және жолын кесу шаралары көзделген.

Тергеп-тексеруді бастау үшін негіздер

Бұзушылықтарды тергеп-тексеру келесі негізде басталуы мүмкін:

- 1.мемлекеттік органдардан келіп түскен материалдар;
- 2.жеке және заңды тұлғалардың өтініштері;
- 3.монополияға қарсы органның өзі анықтаған фактілер;
- 4.бұзушылық белгілері туралы БАҚ-та жарияланымдар;

5.нарық субъектісінің не мемлекеттік органның монополияға қарсы органның хабарламасын орындамауы.

Тергеу нәтижелері

Тергеу аяқталғаннан кейін монополияға қарсы органның лауазымды адамы қорытынды дайындайды. Оның негізінде келесі шешім қабылдануы мүмкін:

- тергеп-тексеруді тоқтату;
- әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау;
- бұзушылықтарды жою тура-лы нұсқама шығару;
- материалдарды құқық қорғау органдарына беру.

Әкімшілік жауапкершілік Істерді қарауды монополияға қарсы орган немесе мамандандырылған әкімшілік соттар жүзеге асырады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы ҚР Кодексі (ӘҚБтК) мынадай санкцияларды көздейді:

- айыппұлдар;
- монополиялық кірісті тәлкілеу.

Оның ішінде: -ӘҚБтК-нің 162-бабы нұсқамаларды орындамағаны, ақпарат бермегені, тергеп-тексеруге кедергі келтіргені үшін жауапкершілік;

- ӘҚБтК-нің 163-бабы мемлекеттік органдар мен реттеуші функциялары бар ұйымдардың бәсекелестікке қарсы әрекеттері, сондай-ақ жосықсыз бәсекелестік үшін жауапкершілік;

- ӘҚБтК 159-бабы:
- 1-б. - бәсекелестікке қарсы келісімдер;
- 2-б. - бәсекелестікке қарсы келісілген әрекеттер;
- 3, 3-1-б. - үстем немесе монополиялық жағдайды теріс пайдалану.

Осылайша, монополияға қарсы реттеу әділ бәсекелестікті сақтауда, бизнес пен тұтынушылардың мүдделерін қорғауда шешуші рөл атқарады.

Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Жетісу облысы бойынша Департаменті

ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ПРОФИЛАКТИКАСЫ – ҚОҒАМ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫНЫҢ НЕГІЗІ

Қоғамдағы құқықтық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету – кез келген мемлекеттің басым бағыттарының бірі. Осы орайда құқық бұзушылықтың алдын алу, яғни профилактикасы, мемлекеттік саясаттың маңызды саласы ретінде айқындалады. Құқық бұзушылық профилактикасы – бұл тек құқық қорғау органдарының емес, бүкіл қоғамның, әрбір азаматтың ортақ міндеті.

Профилактиканың мақсаты мен маңызы

Құқық бұзушылық профилактикасының басты мақсаты – қылмыс пен өзге де заңсыз әрекеттердің алдын алу, құқық бұзуға итермелейтін себептер мен жағдайларды анықтап, оларды болдырмау. Бұл – мемлекет пен қоғам тарапынан жүйелі және кешенді шаралар арқылы жүзеге асады.

Профилактика – тек жазалау емес, ескерту мен тәрбиелеуге бағытталған. Себебі құқық бұзушылықтың алдын алған дұрыс, ал салдарын жою – кеш қимылдаудың белгісі. Осы тұрғыда құқықтық мәдениетті қалыптастыру, жастарды заңға құрметпен қарауға тәрбиелеу, отбасы мен мектептегі тәрбие жұмыстары маңызды рөл атқарады.

Құқық бұзушылықтың едәуір бөлігі жастар мен жасөспірімдер арасында тіркелетіні жасырын емес. Сондықтан профилактикалық шараларда білім беру мекемелері, ата-аналар, жергілікті әкімдіктер, қоғамдық ұйымдар бірлесе жұмыс істеуі тиіс. Мектеп пен колледждерде құқықтық сауаттылықты арттыру, арнайы сынып сағаттары мен тренингтер ұйымдастыру, полиция өкілдерінің қатысуымен түсіндіру жұмыстары жүргізілуі керек.

Сонымен қатар, жастарды спортқа, өнерге, шығармашылыққа тарту – бос уақытты тиімді өткізу арқылы құқық бұзушылықтың алдын алудың тиімді жолы.

Қоғамда беделге ие ардагерлер мен ақсақалдар кеңесі, қоғамдық кеңестер мен үкіметтік емес ұйымдар да құқық бұзушылықтың алдын алуға өз үлесін қоса алады. Олар халық арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, жастарға үлгі көрсету арқылы тәрбиелік рөл атқарады. Полиция мен қоғам арасындағы тығыз байланысты қамтамасыз ету – профилактиканың тағы бір тиімді тетігі.

Құқық бұзушылықтың алдын алуда учаскелі инспекторлардың орны ерекше. Олар өз учаскесіндегі әлеуметтік жағдайды жақсы білетін, тұрғындармен тығыз жұмыс істейтін мамандар. Олардың профилактикалық әңгімелері, ескерту шаралары кейде үлкен қылмыстың алдын алуға себеп болады. Сондықтан бұл мамандардың мәртебесін көтеріп, қажетті жағдаймен қамтамасыз ету – маңызды мәселе.

Құқықтық сауаттылық – профилактиканың негізі

Көптеген құқық бұзушылықтар азаматтардың заң талаптарын білмеуінен немесе елемейтін туындайды. Сол себепті халықтың құқықтық сауатын арттыру – басты бағыттардың бірі болуы керек. Мемлекеттік мекемелерде, еңбек ұжымдарында, білім беру орындарында үнемі құқықтық семинарлар, лекциялар, ашық есік күндері өткізілуі қажет.

Құқық бұзушылықтың алдын алу – кешенді, үздіксіз жүргізілуі тиіс жұмыс. Бұл бағытта құқық қорғау органдары ғана емес, барлық мемлекеттік мекемелер, білім беру ұйымдары, қоғамдық бірлестіктер, тіпті әрбір отбасы атсалысуы қажет. Әр азамат заңды сыйлап, тәртіпті сақтауды өзінің парызы деп түсінсе, елімізде құқық бұзушылық деңгейі төмендеп, қоғамдық тәртіп нығая түсетіні анық.

Құқықтық тәртіп – ел дамуы мен азаматтардың әл-ауқатының кепілі. Сондықтан құқық бұзушылық профилактикасына немқұрайлы қарамай, оны барша қоғам болып жүзеге асыру – бүгінгі күннің басты талабы.

БІЗДІҢ ҚОҒАМДА СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ОРЫН ЖОҚ

Жемқорлыққа қарсы күрес- мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі. Бүгінгі таңда қоғамның шынайы сеніміне ие болудан артық мәртебе жоқ. Сыбайлас жемқорлық жалпы қылмыспен қатар, Қазақстандағы қоғам және мемлекеттік билік көңіл қоюды талап ететін мәселе болып отыр.

Қазіргі қоғам күрделі заңдардан тұрады. Өмірдің өзі сол, қай нәрседен болмасын заңға жүгініп,жұмыс істеген тиімді. Кейде адамдардың рухани сауатсыздығынан заңсыз істерге жол беріліп жатады.

Әсіресе ,қоғам міндетіне айналған сыбайлас жемқорлық көпшілікті зар иле-тіп жатқаны . Осы орайда жыл сайын Президентіміз сыбайлас жемқорлықтың алдын алу үшін арнайы мекемелер мен мамандарға қатаң тапсырмалар береді.Заңсыз іс-әрекеттерге барғандарды қатаң жазалауды ұсынуды,Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын қорғауға,сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп –қатерден еліміздің ұлттық қауіпсіз-дігінен қамтамасыз етуге арналған сыбайлас жемқорлық туралы арнайы Заңның талабы бар . Қазақстан Республикасының заңдары барлық жеке және заңды тұлғаларға қатысты. Егер заң шеңберінен шығып , шектен тыс құқық бұзушылықтар орын алатын болса,ол үшін қылмыстық жауаптылық пен жаза әкімшілік жауапкершілік пен шара тиісінше Қазақстан Республикасының қылмыс-тық кодексінде көрсетілгендей , барлық ор-гандар мен лауазымды адамдар өз құзіреті шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуге міндетті.Сыбайлас жемқорлықпен күрес мерзімдік науқан емес ,яғни уақытша атқарылар шара емес,сол үшін заң шеңберінен аспай, қоғам дертіне айналған құбылыстың орын алуына жол бермей және алдын алу шараларын қарастытырып, жақсы қызметкер деген атқа лайық болу керек.

Ш.А.ИСАБЕКОВ

Ескелді ауданының Статистика бөлімінің басшысы

СЕМЬЯ И ЕЕ ЗНАЧЕНИЕ В ЖИЗНИ ЧЕЛОВЕКА



Семья играет фундаментальную роль в жизни человека, обеспечивая эмоциональ- ную поддержку, любовь, стабильность и чувство защищенности, а также формируя личность и нравственные основы через воспитание и социализацию. Она является первичной социальной группой, где проис- ходит передача культурных ценностей, формируются навыки взаимопомощи и от- ветственности, и человек учится стро- ить отношения с другими людьми.

Основные функции семьи для человека:

Эмоциональная поддержка: Семья предо- ставляет любовь, понимание и поддержку в трудные периоды жизни, помогая преодо- левать стрессы и невзгоды.

Формирование личности: В семье закла- дываются нравственные принципы, нормы поведения, формируются индивидуальные

качества и раскрывается внутренний мир человека.

Социализация: Семья является первым социальным институтом, где ребенок учится общаться, вза- имодействовать с другими людьми и усваивает культурные ценности.

Обеспечение стабильности и безопасности: Семья создает ощущение стабильности, защищенности и дает опору в жизни.

Передача традиций и ценностей: Через семью передаются духовные и моральные ценности, культур- ное наследие из поколения в поколение.

Роль семьи в обществе:

Фундамент общества: Семья является основной ячейкой общества, выполняющей важнейшие соци- альные функции, такие как воспроизводство населения и формирование гражданских отношений.

Укрепление социальной структуры: Семья способствует социальной стабильности, снижая социаль- ное напряжение и противоборство.

Защита и поддержка государства:

Институт семьи находится под защитой государства, которое гарантирует права и интересы ее членов, особенно детей.

В целом, семья – это уникальный социальный институт, который обеспечивает духовное и физиче- ское благополучие человека, а также является важным фактором общественного развития.

Г.С. КАЛИЯКБЕРОВА,

ГКП на ПХВ Ескельдинская ЦРБ специалист кабинета ЗОЖ

БІРЛІКПЕН АТҚАРЫЛҒАН СЕНБІЛІК – БЕРЕКЕЛІ БАСТАМА



Таза қала – тұрғындардың мәдениеттілігінің, ұқыптылығы мен табиғатқа деген құрметінің көрінісі. Қоршаған ортаны қорғау, көше мен аулалардың тазалығын сақтау – әр азаматтың ортақ борышы. Осы орайда аудан көлемінде кезекті жалпы сенбілік жұмыстары ұйымдастырылып, елді мекендердегі тазалық пен тәртіпке айрықша көңіл бөлінді.

Аталған шара аудан әкімдігінің бастамасымен өткізілді. Сенбілікке мемлекеттік мекемелердің қызметкерлері, білім беру және денсаулық сақтау ұйымдары, кәсіпкерлер, жастар мен еріктілер, сондай-ақ қарапайым тұрғындар белсене қатысты. Барлығы бір мақсат – туған өлкемізді таза көрікті, жайлы ету жолында бірлесіп еңбек етті.

Аула мен көшелер – тәртіп пен тазалық айнасы

Сенбілік барысында тұрғын үй аулалары, балалар ойын алаңдары, жаяу жүргіншілер жолдары, мектеп пен балабақша маңайы, мәдениет ошақтары, саябақтар мен аялдамалар маңы түгел қамтылды. Тұрғындар өз аулала- рын, қоршауларын ретке келтіріп, құраған ағаштар мен шөптерді шауып, қоқыстарды арнайы орындарға шығарды. Жаяу жүргіншілерге арналған жол- дар мен қоғамдық орындар жиналып, сыпырылып, ретке келтірілді.

Жастар да бұл игі шарадан шет қалмай, белсенділік танытты. Олар көше бойларына тал егіп, сырлау, бояу, көркейту жұмыстарына атсалысты. Аудан орталығындағы саябақтар мен демалыс орындары тазаланып, тынығушылар үшін қолайлы орта жасалды.

Сенбілік тек тазалық шарасы ғана емес, ол – тұрғындардың экологиялық және әлеуметтік жауапкершілігін арттыруға бағытталған мәдени іс-шара. Қоршаған ортаны таза ұстау – тек коммуналдық қызметтің ғана емес, әрбір азаматтың міндеті екенін еске салатын ұтымды тәсіл. Мұндай ұжымдық жұмыстар ел ішіндегі ауызбіршілік пен ұйымшылдықты арттырып, ортақ іске жұмылудың жарқын үлгісіне айналып отыр.

Тазалық – денсаулық кепілі

Санитарлық тазалық – тек сыртқы көрініс қана емес, ол – тұрғындардың өмір сүру сапасы мен денсаулығына тікелей әсер ететін маңызды фактор. Ауру-сырқаудың алдын алу, қолайлы экологиялық ахуалды қалыптастыру үшін таза орта қажет. Осы тұрғыдан алғанда, сенбілік жұмыстарының маңызы ерекше. Әсіресе күзгі-қысқы мезгілге дайындық барысында осындай кешенді тазалық жұмыстары ауадай қажет.

Аудан көлемінде өткен сенбілік – тек бір реттік шара емес, ол – елдің, жердің амандығына, ұрпақ тәрбиесіне бағытталған игі дәстүрдің жалғасы. Бұл шара – әр азаматтың туған өлкесіне деген құрметін іс жүзінде көрсетуінің көрінісі.

Аудан әкімдігі барлық тұрғындарды тек сенбілік күндері ғана емес, күнделікті өмірде де тазалыққа, тәртіпке, қоршаған ортаға жанашырлықпен қарауға шақырады. Ауламыз таза болса – көшеміз көрікті, көшеміз көрікті болса – ау- данымыз жайлы, ал ауданымыз жайлы болса – еліміздің еңсесі биік болмақ.

Таза орта – таза сана. Тазалықты әркім өзінен бастасын!

АҒАШ – МЕНІҢ ӨМІРІМ



ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАР
ЖЫЛЫ

Ұсталық – ата-бабадан қалған көне кәсіптің бірі. Соның ішінде ағаш ұстасы болу – табиғатпен тілдесіп, әр бөлшекке жан бітіретін ерекше өнер. Осындай си- рек кездесетін, бірақ өте қажет мамандықтың иесі, ауданымыздың белді ағаш ұстасы – Саят Ерболұлымен арнайы сұхбаттасып қайтқан едік.

– Саят аға, ең алдымен, өзіңіз жайлы қысқаша айтып өтсеңіз.

– Есімім Саят Ерболұлы, осы Ескелді ауданында туып- өстім. Ағаш ұстасы болып жұмыс істеп жүргеніме 20 жылдан асты. Бұл кәсіпті әкемнен үйрендім – ол да кезінде колхозда ағаш шебері болған. Ұсталықты бала күнімнен көріп өскен соң, мектеп бітірген соң бірден осы жолды таңдадым. Алғашқыда үй жиһаздарын жөндеуден бастап, бүгінде толық үй салуға дейінгі деңгейге жеттім.

– Ұсталық кәсіптің қиындығы мен қызығы туралы айтып берсеңіз.

– Ағашпен жұмыс істеу – сабыр мен ұқыптылықты талап етеді. Әр тақтайдың өз «мінезі» бар. Бірі майысқақ, бірі морт сынғыш, енді бірі аса сапалы. Соның бәрін білу – жылдар бойы жиналған тәжірибенің нәтижесі. Қиын сәттер көп, әсіресе тапсырыс беруші ерекше дизайн сұраса немесе сирек кездесетін ағаш түрімен жұмыс істеу қажет болса. Бірақ дәл сол қиындықтың артында үлкен шығармашылық тұрады. Ағашқа жан бітіріп, оны елдің қажетіне жарату – мен үшін ең үлкен мәртебе.

– Қандай бұйымдар жасайсыз? Тапсырыстар көп пе?

– Қазір көбіне үй жиһаздарын – үстел, орындық, шкаф, төсек, есік-терезе жа- саймын. Сонымен қатар, ұлттық нақыштағы кебеже, бесік, сандық секілді заттарға сұраныс артты. Жұырда бір отбасына қолдан ойылған үлкен астау жасап бердім. Қаладан да, көрші ауылдардан да тапсырыс берушілер жиі келеді. Ағаштан ойып жасаған жиһаздың сапасы ұзаққа шыдайтынын жұрт жақсы біледі.

– Қазіргі жастардың жұмысшы мамандықтарға көзқарасы қандай деп ойлай- сыз?

– Ашығын айтсам, жастар арасында қол өнерге қызығушылар азайып бара жатқан сияқты. Бірақ соңғы кезде кәсіби техникалық білімге қайта бетбұрыс байқалады. Қазір мемлекет тарапынан жұмысшы мамандықтарға қолдау артып келеді. Бұл өте дұрыс қадам. Жастарға «қолмен жұмыс істеу – артықшылық» екенін ұғындыруымыз керек. Ұста, дәнекерлеуші, құрылысшы, электрик – бәрі де елге қажет мамандық. Ең бастысы – өз ісінді адал істей білу.

– Жастарға қандай кеңес берер едіңіз?

– Ең алдымен, қандай кәсіпті таңдасаң да, жүрекпен істеу керек. Ұстаның қолы еңбекпен емес, адал ниетпен шеберленеді. Екіншіден, нағыз маман болам десен, үнемі ізденіп, жаңарып отыруың керек. Мен де қазір интернеттен түрлі жаңа дизайндарды қарап, өз бұйымдарыма заманауи үлгі енгізіп жүрмін. Қол өнері ешқашан ескірмейді, тек соған деген көзқарас жаңаруы керек.

– Болашақ жоспарыңыз қандай?

– Алдағы уақытта шағын ұстаханамды кеңейтіп, жанымда жастарды оқытып- үйрететін шеберхана ашқым келеді. Кәсібімді мұра етіп қалдыру – менің арма- ным. Осы өнерді сүйіп, жалғастырап жастар шықса, үлкен қуаныш бо- лар еді.

Саят Ерболұлы – қарапайым еңбек адамының бүгінгі бейнесі. Оның шеберханасынан шыққан әр бұйым – тәзім мен шеберліктің, ұлттық рух пен еңбекқорлықтың жемісі. Біз Саят ағаға денсаулық пен шабыт тілейміз. Еңбегі жана берсін!

Дара Дана

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН ҚАРСЫ САНА МЕН СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТ МАЗМҰНЫ РОЛІ ФУНКЦИЯЛАРЫ

Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа іс-қимыл агентігінің мемлекеттік органдарда мемлекеттік қызметшілердің әдептілігін көтеру мақсатында жағдаяттық мысалдар негізінде берілген.

Нұсқаулықта мемлекеттік қызметшілердің жұмыс уақытында және жұмыстан тыс уақыттағы негізгі мінез-құлық қағидалары қарастырылған және олардың парасаттылық мәдениетін қалыптастырудың негізгі аспектілері берілген.

Мемлекеттік қызмет атқару қоғам мен мемлекет тарапынан ерекше сенім білдіру болып табылатынын және мемлекеттік қызметшілердің моральдық-әдептілік бейнесіне жоғары талаптар қойылатынын атап көрсетеміз.

Мемлекеттік қызметшінің әдеби және мінез-құлық нормалары нұсқаулығында мемлекеттік қызметшілердің жұмыс уақытында және жұмыстан тыс уақыттағы негізгі мінез-құлық қағидалары қарастырылған, жағдаяттық мысалдар негізінде мемлекеттік қызметшілер үшін қысқаша нұсқау ұсыналған және мемлекеттік қызметшілердің практикасында бейдеп мінез-құлық фактілерінің ең көп тараған түрлері келтірілген. Бұдан басқа, осы жұмыста мемлекеттік қызметшілердің парасаттылық мәдениетін қалыптастырудың негізгі аспектілері берілген. Нұсқаулық мемлекеттік қызметшілерге, магистранттарға, оқытушыларға, сондай-ақ әел мәселелеріне қызығушылық танытатын оқырмандар қауымына арналған. Бүгінде мемлекеттік қызметшінің әдеби мен мінез-құлық мәселелеріне үлкен мән беріледі. Мемлекеттік қызметші имиджінің тұтастығы жоғары кәсібилік пен жеке құзыреттердің, моральдық адамгершілік қасиеттердің және әдептілік мінез-құлықтың көрінуіне негізделген.

Мемлекеттік қызметшінің жеке қасиеттері: Жауапкершілік өз іс — әрекеті мен нәтижелеріне жауапкершілік алу. Бастамашылдық-жаңа идеяларды әзірлеу және ұсыну, негізгі міндеттерінен бөлек қосымша жұмыстарды орындау.

Стреске төзімділік-сынға сабырлылық таныту және ол негізделген болса, кемшіліктерді жою бойынша шараларды қабалдау.

Ескелді аудандық қазынашылық басқармасы жұмысы да осы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты ұстанады және жұмыс барысында басшылыққа алады.

А.С. Киялбекова, Ескелді аудандық қазынашылық басқармасының басшысы

ДЗЮДОДАН ЕСКЕЛДІ АУДАНДЫҚ БІРІНШІЛІК ӨТТІ



2025 жылдың 6 қыркүйек күні Жетісу облысы, Ескелді ауданы, Қарабұлақ ауылында дзюдодан аудан біріншілігі өтті. Жарыс Қазақстан Республикасының Конституция күні мерекесіне орай ұйымдастырылды.

Бәсекеге 2012-2013, 2014-2015 жылғы туған жасөспірім ұлдар және 2013-2014 жылғы туған жасөспірім қыздар қатысты. Додаға 100-ден аса жас спортшы жиналып, өзара бақ сынасты.

Жарыс барысында қатысушылар татамиде белдесіп, өз шеберліктерін көрсетті. Жас спортшылардың техникалық дайындығы мен спортқа деген қызығушылығы көрермендер мен бапкерлер тарапынан жоғары бағаланды.

Жарыс қорытындысы бойынша жеңімпаздар мен жүлдегерлер анықталып, олар арнайы грамоталармен марапатталды. Бұл жарыс жас өрендердің спортқа деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың достықты, тәртіпті және шыдамдылықты бойына сіңіруіне ықпал етті.

Г.ОМАРОВА,
«Спортты дамыту және бұқаралық-спорттық іс-шараларды өткізу дирекциясы» КММ-сі Ескелді аудандық филиалының жетекшісі

АУЫЛ АРАЛЫҚ ФУТБОЛ ЖАРЫСЫ

2025 жылдың 10 қыркүйегінде Алдаберген ауылының орталық алаңында Қаратал, Көкжазық, Қайнарлы және Алдаберген ауылдық округтері арасында «Спорт – діни экстремизм мен терроризмге қарсы» атты ұранымен ауыл аралық ересектер арасында аймақтық футбол жарысы өтті.

Жарыстың ашылу салтанатында құрметті қонақтар ретінде Ескелді ауданының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің бас маманы Шереженов Мурат Ардабайұлы, «Жетісу облысы дін істер басқармасы» ММ-нің Ескелді ауданы бойынша теологы Бөкей Дүйсен, сондай-ақ Жетісу облысының спортты дамыту және бұқаралық спорттық іс-шараларды өткізу дирекциясының Ескелді аудандық филиалының жетекшісі Омарова Гульнур Бекбергеновна сөз сөйлеп, спортшыларға сәттілік тіледі.

Жарыс өте тартысты өтті. Әр команда өз ауылдарының намысын қорғап, жеңіске деген жігер мен бірлікті көрсетті.

Жарыс нәтижесінде:
1 орын – Қарабұлақ командасы
2 орын – Алдаберген командасы
3 орын – Көкжазық командасы иеленді.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер «Спортты дамыту және бұқаралық-спорттық іс-шараларды өткізу дирекциясы» КММ-сі Ескелді аудандық филиалының атынан кубок, медаль, грамота және бағалы сыйлықтармен марапатталды.



Г.ОМАРОВА
«Спортты дамыту және бұқаралық-спорттық іс-шараларды өткізу дирекциясы» КММ-сі Ескелді аудандық филиалының жетекшісі

АРҚАН ТАРТЫС - БІРЛІКТІң БЕЛГІСІ



2025 жылдың 04 қыркүйек күні Ақын Сара ауылында тұрғындар арасында арқан тарту жарысы өтті. Дәстүрлі ұлттық ойынға ауылдың белсенді жастары мен спорт сүйер азаматтар қатысып, өзара күш сынасты.

Жарыс нәтижесінде:
I орын – Барыс командасы
II орын – Сұңқар командасы
III орын – Қыран командасы иеленді.

Жеңімпаз спортшылар «Спортты дамыту және бұқаралық-спорттық іс-шараларды өткізу дирекциясы» КММ-сі Ескелді аудандық филиалының атынан арнайы грамоталармен марапатталды.

Аталған шара ауыл тұрғындарының спортқа деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, бірлік пен ұйымшылдықты нығайтуға ықпал етті. Арқан тарту – қазақ халқының ежелден келе жатқан ұлттық ойыны. Осындай дәстүрлі спорт түрлерін насихаттау арқылы жастардың салауатты өмір салтын ұстануына жол ашылатыны сөзсіз.

Г.ОМАРОВА,
«Спортты дамыту және бұқаралық-спорттық іс-шараларды өткізу дирекциясы» КММ-сі Ескелді аудандық филиалының жетекшісі

АДАМГЕРШІЛІГІМЕН ТӘНТІ ЕТКЕН ДӘРІГЕРГЕ АЛҒЫСЫМЫЗ ШЕКСІЗ



Құрметті «Ескелді аудандық орталық ауруханасының» инфекционист дәрігері Муханова Ұлболсын Серікқызы!

Сізге шын жүректен алғысымызды айтамыз. Сіздің кәсібилігіңіз, мейірімге толы әр ісіңіз бізді қуанышқа бөледі. Сіз әр пациентке тек дәрігер ретінде ғана емес, адам ретінде қарап, жанашырлық пен қамқорлық таныта алатын мамансыз. Сол қасиетіңізбен адамдарға сенім мен үміт сыйлап, қиын сәтте жұбаныш бола білдіңіз.

Сіздің сабырлығыңыз, мейірімді сөзіңіз және кәсіби шеберлігіңіз біздің отбасы үшін өлшеусіз маңызды болды. Әр кеңесіңіз бен көмегіңіз рухани азық болды. Сіз сияқты шын ниетті, адамгершілігі мол дәрігермен кездесу — нағыз бақыт.

Сізге мықты денсаулық, мол бақыт, кәсібіңізде табыс пен әр күніңіз қуанышқа толы болуын тілейміз. Сіздің ізгі ниетіңіз бен қамқорлығыңыз әрқашан бағаланып, жүрегімізде сақталады.

Ізгі ниетпен,
Жұмабаевтар отбасы

HABARLANDYRU

Құрметті Ескелді ауданының тұрғындары мен қонақтары!

2025 жылдың 1 қыркүйегінен 1 қарашасына дейін аудан аумағында республикалық «Учаске» жедел-профилактикалық іс-шарасы өткізілуде.

Іс-шараның негізгі мақсаты – тұрғындар мен полиция арасында тығыз қарым-қатынас орнату және қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу.

- Полиция қызметкерлері бекітілген аумақтардағы үйлер мен пәтерлерді аралайды
- Интернет-алаяқтықтың алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізеді
- Жол жүру ережелерін түсіндіреді
- Балалардың жеке және жолдағы қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша кеңестер береді

Өз үйіңіздің есігін ашып, полиция қызметкерлерімен ашық әңгімеге қатысыңыз. Бұл — біріміздің қауіпсіздігіміз үшін!

Уважаемые жители и гости Ескельдинского района!

С 1 сентября по 1 ноября 2025 года на территории района проводится республиканское оперативно-профилактическое мероприятие «Участок».

Основная цель мероприятия — установить тесное взаимодействие между жителями и полицией, а также предупредить преступления и правонарушения.

- Сотрудники полиции будут обходить дома и квартиры, закреплённые за ними
- Проводить разъяснительную работу по предупреждению интернет-мошенничества
- Напоминать правила дорожного движения
- Давать советы по обеспечению личной и дорожной безопасности детей

Откройте двери своего дома и примите участие в открытой беседе с сотрудниками полиции. Это — для нашей общей безопасности!